

Аудан әкімінің 2008 жылғы 22 желтоқсандағы N 12-29 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Қарасай ауданы әкімінің 2009 жылғы 4 наурыздағы N 3-5 шешімі. Алматы облысының Әділет департаменті Қарасай ауданының Әділет басқармасында 2009 жылы 12 наурызда N 2-11-66 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Қарасай ауданы әкімінің 2024 жылғы 5 қарашадағы № 12 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Қарасай ауданы әкімінің 05.11.2024 № 12 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

РҚАО ескертпесі.

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының "Нормативтік-құқықтық актілер туралы" және Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңына сәйкес, аудан әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ** :

1 Қарасай ауданы әкімінің 2008 жылғы 22 желтоқсандағы "1992 жылы туылған азаматтарды әскери шақыру учаскесіне тіркеуге алу және жастарды әскери қызметке шақыруға дайындау туралы" N 12-29 шешіміне төмендегідей өзгерістер енгізілсін.

2, 4-тармақтары және 6-тармақтың 1, 3, 6, 7, 8-тармақшалары алынып тасталсын.

6-тармақтың 10-тармақшасы, 10-тармақтың 1-тармақшасы және 11-тармақтың 1-тармақшасындағы "2008 жылдың 1 желтоқсанына" деген сөздер алынып тасталсын.

11-тармағының 2-тармақшасындағы "жеткізіліп оларға шұғыл жаза қолдансын" деген сөздер "жеткізу жүктелсін" деген сөздермен ауыстырылсын.

13-тармағындағы "қаулысының" деген сөз "шешімді" деп өзгертілсін.

2 Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

